

СОҒЫС ЖӘНЕ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗДЕГІ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Орындаған: Ахметов А. Қайратов А.

Биылғы жылы Ұлы Жеңіске 71 жыл толады. 9 Мамыр әртүрлі елдердің миллиондаған тұрғындары үшін жалпыға ортақ Жеңіс күні болды. Екінші дүниежүзілік соғысқа әлемнің көптеген мемлекеттері қатысты. Бірақ, дегенмен, оның негізгі ауыртпалығын совет халқы көтерді.

Қазақстандықтар, СССР-ді мекен еткен барлық халықтармен қатар, өздерінің ортақ Отанын жанқиярлықпен қорғады.

Қазақстанда ондаған дивизиялар, бригадалар мен жекелеген бөлімдер құрылды.

Бізде, Қостанайда, 151-жеке атқыштар бригадасының құрылғанын, оның кейін 150-атқыштар дивизиясының негізі болғандығын біз әрқашан мақтан етеміз.

- Ұлы Отан соғысының майдандарында барлығы 73 мыңнан астам қостанайлық қатысты. 24 мыңнан астамы ұрыс алаңдарында қаза тапты, 3,5 мыңы – госпитальдарда алған жараларынан қайтыс болды, 16 мыңға жуығы – хабарсыз кетті.
- Соғыс жылдарында 497 қазақстандық Совет Одағының Батыры атанды. Бұл атақты екі мәрте алған төртеудің екеуі – біздің жерлестеріміз: Иван Фомич Павлов және Леонид Игнатьевич Беда. Біздің жерлестеріміздің 31-і Совет Одағының Батыры жоғары атағын, ал 9-ы Даңқ орденінің толық кавалері атағын алды.

- Қостанайға ғана 10 кәсіпорын мен мекеме жіберілді. Облыс орталығында бірнеше көшірілген госпитальдар, Сталинград әскери-авиация училищесі орналастырылды.
- Қорғаныс қорына қостанайлықтардың аударған жалпы ақшалай жарна сомасы 181 миллион сомнан асып түсті. Облыс еңбеккерлерінің қосымша қаржысына танк колоннасы мен 4 шабуылшы ұшақ жасалды. Облыс еңбекшілері соғыс жылдарында майданға 100 вагоннан астам азық-түлік, жылы киім және басқа да сыйлықтар жіберді.

- Біздің облыстың ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің ерік-жігерінің нәтижесінде соғыстың төрт жылы ішінде Отанымыз 43 миллион пұт астық, 2 миллионнан астам пұт ет, 244610 пұт май, 188795 пұт жүн, 7387 жылқы алды.

- Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға, соның ішінде біздің облысымызға көптеген кәсіпорындар көшірілгені баршамызға мәлім. Сол көшірілген кәсіпорындардың қатарына, жасырын түрде, майданды арнайы қорғаныс бұйымдарымен жабдықтаған №507 және №222 зауыттары да кірді. Эвакуация жөніндегі кеңес пен Қорғаныс комитетінің 1941 жылдың 29 қазанында қабылдаған шешіміне сәйкес, Клин және Каменск қалаларынан көшірілген жасанды талшықтар зауыттарының негізінде Қостанай қаласында №507 зауыты қалпына келтіріле бастады.

- №507 зауытын көшіру көзінде Клин және Каменск қалаларынан барлығы 441 вагонға тиелген құрал – сайман жөнелтілді, соның ішінде Қостанайға 278 вагон жеткізілген. 1941 жылдың желтоқсан айының 3-12 аралығында Қостанайға 130 вагон құрал – сайманмен бірге 55 монтажник, инженер, техник – химияшылар мен 70 әскери өрт сөндіру күзетінің қызметкерлері келген. Барлық келген адамдар құрал – саймандарды жөнге келтіру, түгелдеу және жинақтау жұмыстарына тартылған.

- Соғыс жағдайына байланысты зауыт өте қысқа мерзімде, дәлірек айтқанда, 1942 жылдың бірінші жарты жылдығында пайдалануға берілуі тиіс болған. Осы себептен көшірілген зауытты қолданылып жүрген ғимаратта орналастыру ұйғарылады. Бұндай орын ретінде НКВД мен мұғалімдер пединститутның ғимараттары таңдап алынады.
- №507 зауыты майданды әртүрлі оқ – дәрілермен, жасанды жібекпен қамтамасыз етіп, вискоза дәнінен минометке арналған оқ – дәрі жасау мақсатын алға қояды.

1941 жылдың 15 қарашасынан бастап көшіріле бастаған Егорьевск қаласының «Комсомолец» станок жинау зауыты мен Ухтомский атындағы ауыл шаруашылығы машиналарының Люберецкий зауытының бір цехы №222 зауытының негізін қалады. Бұл зауыт Қостанай облысының Қарабалық ауданында, Тоғызак темір жол станциясынан 12 км қашықтықта орналасқан астық совхозында орналастырылып, 1942 жылдың мамырында іске қосылады.

КСРО Танк өнеркәсібінің жүйесіне қарасты №222 зауыты соғыс машиналарына арнап №41, №50, №10 бұйымдарын шығарумен айналысқан. Арнайы бұйымдарды жасау оңай жұмыс болмағандықтан, зауытпен бірге білікті мамандар да келді. Алайда көп кешікпей бұл мамандардың біреулері Қызыл әскер қатарына шақырылса, енді біреулері бұрынғы жұмыс орындарына оралды. Бұл жағдайды ескере отырып, зауыт жас жұмыскерлерді өндіріске оқыту жұмысына кіріседі. 1942 жылдың өзінде зауытта өндірістік жұмысқа оқытылған жастар саны 273 жетті. Зауытта ерлермен қатар әйелдер де тапжылмай еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдары зауыт ұжымына қосылған әйелдер 30% құрады. Ұзақ уақыт бойы бір ғана әріппен аталып, көпшіліктен жасырын болған бұл зауыттар Ұлы Отан соғысының қиында, қаһарлы жылдары майдан тапсырысын орындау үшін жұмысшылардың бар күш – жігерін жұмылдырып, солардың қажырлы еңбегімен қатыгез ата жауымызды жеңіп, бейбіт өмір орнатуға ат салысты. Ұлы Отан соғысы жылдарында экономиканы соғыс талабына сай лайықтап қайта құру қажет болды. Экономиканы қайта құруды майдандағы қолайсыз жағдай қиындата түсті.

Тың игеру жылдарында

- КСРО-да тың көтеруге байланысты белгіленген тапсырма 1954 жылғы тамыздың басына қарай орындалды: 13,4 млн гектар жер немесе жоспар бойынша 103,2%, оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн гектардан аса тың жер жыртылды. Тамызда «Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі қарай игеру туралы» жаңа қаулы қабылданды. Онда 1956 жылы тың жерлердегі дәнді дақылдар егуге арналған аудан көлемін 28-30 млн гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды. Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн гектардың орнына 9,4 млн гектар жер жыртылды. Тың жерлерді игерудің басым көпшілігі негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі алты облыста — Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды.

Тын өлкесі деген аймақтың құрамына кірген бес облыстың – Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Костанай, Көкшетау, Павлодар-жеріи игеруге 1,5 млн. адам келді, ал жабық әскери объектілер мұның үстіне 150 мың адамды қабылдады. 1954-1956 жылдары тынды игеруге 391,5 мың механизатор әкелінді. 1959 жылғы санақ бойынша қазақтар республиканың 30%-ын, орыстар 42,7%-ын, 1962 жылы қазақтар сан жағынан өз мекенінде жалпы тұрғындарының уштен бірінсі де аз немесе 29 пайызды ғана құрады. 1897 жылғы мәлімет бойынша, олар өз жерінде мекендеушілердің 85 пайызына тең еді.

Еңбек ерлері

- **Камшат Байғазықызы Дөненбаева** (15.09.1937 жылы, **Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ленин совхозы**) — ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан атақты механизатор, тың игеруші, **Социалистік Еңбек Ері** (1975). Еңбек жолын Ұзынкөл элеваторында жұмыс істеуден бастаған. 1961 жылдан **Қостанай облысы, Боровский ауданы "Харьковский" совхозында** механизатор болып еңбек еткен. Қостанай облысының **Мендіқара ауданындағы "Каменьск-Уральский"** кеңшарында механизаторлар дайындайтын курсты, **Қостанай ауыл шаруашылық техникумын** сырттай оқып бітірген. 1972 жылы қайыrmасыз соқамен жер жыртуда әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы **Ростов облысындағы Зерноградта** бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған.

- 1973 жылы 26579 га, 1974 жылы 38158 га, 1975 жылы 37199 га жер жыртып, жылдық міндеттемелерін асыра орындаған. Қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне үлгі өнеге болды. Камшат Дөненбаеваға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломы және "Москвич" автомашинасы берілді. Ол СОКП XXV съезінің делегаты, ІХ сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты (1974).
- 1990-1993 жылдары осы кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарады. 1980-1985 жылдары КСРО Жоғары Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Екі рет Ленин орденімен, Құрмет белгісі орденімен марапатталған.